ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 2 ақпан №4360-24-00-2/104 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.Е.Елшібеков,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Салықбай» атауымен әрекет етуші Ақниет Болатұлы Салықбай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының Смағұл Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер «Салықбай» атауымен әрекет етуші Ақниет Болатұлы Салықбайды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Салықбай» атауымен әрекет етуші Ақниет Болатұлы Салықбай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Салықбай» атауымен әрекет етуші Ақниет Болатұлы Салықбайдан мемлекет кірісіне сот шығысы мемлекеттік баж сомасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер

ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б. Елшібеков**

Көшірмесі дұрыс.

Судья **Б. Елшібеков**

Анықтама: Шешім 15 наурыз 2024 жылы заңды күшіне енді.

Судья **Б.Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 07.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 15.03.2024, судья Елшібеков Б. Е., 16.03.2024

4360-24-3-1/48